

Журнал 31.07.2019 ж. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, №17815-Ж куәлігін алған.

Бас редактор **Жанна ИМАНҚҰЛ**

Бас редактордың бірінші орынбасары
Қарлығаш ШОХАЕВА

– фил. ғыл. магистрі, PhD, Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қазақ Ұлттық Аграрлық университетерінде – аға оқытушы

Бас редактордың орынбасарлары:

Тазагүл БУСТАНОВА
Роза ЖАРКИМБЕКОВА
Индира ТҮЗЕЛБАЕВА

Жауапты хатшы
Еркінбек СЕРІКБАЙ

Редакциялық ақылдастар алқасының төрағасы
Гүлбану Қосымова –
филология ғыл. докторы, профессор,
ҚР «Білім беру ісінің үздігі»

Редакциялық ақылдастар алқасының мүшелері:

Нұрша Оразақынова профессор, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті
Тоқтар Сенбекұлы педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Elsevier (Скопус) компаниясының Қазақстандағы өкілі
Динара Орынбаева гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD, «Шебер педагог», «Үздік педагог-2019»
Жанат Бименова PhD доктор, Акушерлік, хирургия және өсіп - өну биотехнология кафедрасының қауымдастырылған профессор

Таралымы: Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журналдағы суреттер сапасына автор жауапты.

Таралымы: Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде
Меншік иесі: ИП Аяжан
Мекенжайы: Алматы қаласы
Түркісб ауданы Герцен көш., 155/1
Журнал «JasA» баспаханасында басылды.

e-mail: erkinbek230388@gmail.com

Байланыс: +7702-909-93-99

Жолдина Ж.М., Әбдіғазизұлы Б.

Жазушы Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романы – уақыттың көркем шежіресі.....2

Нұсқабай Ғ.Ж., Каримова Ғ.С.

Жазушы С.Асылбекұлының «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» және «Сағыныш» әңгімелеріндегі жаңашылдық.....4
Абдуалиева Ж.Б.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық кодтың ғылыми-танымдық сипаты.....6
Абдықадырова Т.Р.

Әдебиет пәнідерін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытудың мәні мен маңызы.....8

Әкімбай П., Шойынбай Ж., Мырзақасымова М.

Жасөспірімдік кезеңдегі балаларға мектепте жазба жұмыстарын жүргізудің психологиялық негіздері.....10

Карабалаева М.М. Русский сын казахского народа.

Использование причастий, деепричастий и сложных предложений в речи.....12

Шапинов Т.С. Роль наставничества в современных условиях.....14

Асет А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медициналық терминдердің құрылымдық типтері.....16

Еркін А. Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың даму бағыттары.....17

I.Yekrin, B. Sydykhov Effectiveness of Differentiated Teaching of Mathematics to Elementary Grades.....19

Әскербек А.Ә., Қонысбек Ж.Ж. Балалардағы менингококк инфекциясы.....21

Сүлейменова С.К. Хоровая культура.....22

Анесова Ғ.С. Ұлттық ою-өрнек сыры.....27

Шөркебаева А., Тауырбай Л., Төребаева Ф. Лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытудың тәрбиелік мәні.....28

Махутова Б.А. Халық қолөнері - тәрбие құралы.....29

Лепесов Н.Б. Жаңа технология - денешынықтыру сабағында.....30

Едресова К.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды көңіл-күйінің дамуы.....30

Искакова Д.Б. Бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында танымдық іс-әрекетін қалыптастыру.....31

Абылқасым М.Б. Ұстаз, оқушы, ата-ана – үштік одақ ынтымақтастығы.....32

Мудиярова А.А., Есенова Қ.Ө. Лингвомәдениеттанымдық құзіреттіліктің тілде көрініс табуы.....33

Шәкірхан Б.Ш., Бекіш Ұ.А. Мектептің жаңартылған білім мазмұны жағдайында мәтінді есептерді шешудің әдістемелік ерекшеліктері.....39

Әнуарбек А., Аккасынова Ж. К. Мектепте информатиканы онлайн оқытуда тиімді кері байланысты ұйымдастыру тәсілдері.....40

Жұматай С.Қ., Бекіш Ұ.А. Математика курсы оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы.....41

Байтемірқызы А. Көркем кестелеу.....43

Киркиманова Ж.Б. Мектеп информатика курсы оқытуда ақпаратты ұсыну мәселелері.....46

Кайынбаева А.Е., Садыкова В.С. Экономикалық білім және оның дағдыларына сай қалыптасу.....49

Сағындық Қ.Н., Мұқан А.Б. Орта мектеп физикасында «заттың агрегаттық күйлері» тақырыбын оқыту ерекшеліктері.....50

Жолдина Жансая Мырзабекқызы

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
Филология институты
7М01701-қазақ тілі мен әдебиетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші:
Әбдіғазизұлы Балтабай, филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ЖАЗУШЫ БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВТІҢ «СЕКСЕН
АЛТЫНШЫ ЖЫЛ» РОМАНЫ – УАҚЫТТЫҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ**

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ әдебиеті өркендеп өсіп, дамудың жаңа сатысына көтерілді. Аталмыш межеде қазақ жазармандары тотолитаризмнің қанды шеңгелінен шығып, аз-кем байқадам тауып, еркін тыныстауға көшті. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік империяның көлеңкесінде бара алмаған, барса да дендеп ене алмаған тақырыптардың есігі айқара ашылуына жол салды. Осындай тиым салынған тақырыптардың бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы-ты.

Қазақ халқының тарихынан үлкен орын алған бұл оқиға ұлттық намысы бар ақын-жазушылардың бәріне дерлік түгелдей қалам ұстатты. Соның әсерінен қазақ әдебиеті Желтоқсан туралы ірілі-ұсақты драмалық, поэзиялық, прозалық шығармалармен толықты. Біздің зерттеу объектіміз Бекежан Тілегенов асылында, прозашы болғандықтан, біз айтылмыш тақырыпта жазылған прозалық шығармалар жайынан аңдатпа беріп өткенді жөн көрдік. Желтоқсан шындығын әдебиеттен іздеген Г.Орда: «Бұл оқиға жөніндегі прозалық шығармалардың қатарында Т.Сәукетайдың «Қилы тағдыр («Ай қараңғысы» 1998), «Желқайық» (2001), Н.Куантайұлының «Қараөзек» (2002), Ә.Ыбырайымұлының «Ұяластар», Ө.Токтаровтың және Б.Тілегеновтің «1986 жыл» атты романдары мен Мір Шайырдың (ақын Мырзағали Іңірбаевтың) «О, Данышпан дүние» атты трилогиясын, Н.Ораздың «Тазқара», Ө. Ахметтің «Желтоқсан ызғары» хикаяттарын, А.Алтайдың «Сібір офицері», «Прописка» әңгімелерін, т.б. ірілі-ұсақты шығармаларды атауға болады», - деп көрсетеді [1,384]. Айтылмыш тақырыптағы аталмыш шығармалардың ішінен біздің тікелей зерттеу нысанамыз болғандықтан, жазушы Бекежан Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» романына кеңірек тоқталмақпыз.

Б. Тілегенов «Әдебиет – менің Отаным!» атты естелік жазбасында: «...86-шы жылға» да осылай кірістім. Бұл роман менің өмірімде, творчествомда ерекше орын алды. Бұл – көркем шығарма. Бірақ таза ойдан шығарылған дүние де емес, жалаң фактілерге құрылған шығарма деуге болмайды. Бұл романның кейіпкерлерін ойдан шығарған жоқпын. Кейін кітап жазылып, жарық көргеннен кейін ғана, әбден қалжыраған бойға қуат шақырып, ес жиғаннан кейін ғана, осынша үлкен де кең көлемді тақырыпты, қат-қабат өмір көріністерін, соншама адамдардың тағдырын баяндауға әрекеттенгеніме қайран қаламын. Осы қиындықтан қалай өттім, қалай еңсердім, оны айтып жеткізе алмаймын. Оған менің шамам келетін емес. Творчествоның бір сәттілік мезеті осылай туатын болар. Осындай күрделі шығармаға енген, өмірде орны бар, белгісі бар жандарды жаныз қағазға енгізіп, жан бітіріп, әдебиеттегі өміріне дем беріп, кейіпкердің өміріне араласып, солардың өмірін өз басыңнан кешу де оңай емес. Ал оны сөзбен

жеткізу де қиын ба деймін», - деп оқырманына ішегінің қырындысына дейін ақтарып салып, толғана тебіренеді [2,144]. Жазушының шығармашылық процесінен аз-кем хабардар оқырман ретінде айтарым, қаламгер Бекежан Тілегенов өзін қызықтырып, қалам тербегелі жүрген әрбір шығармасының алдында жүректі жазушыға лайық осындай ғарыштық-ғайып күй кешеді. Әлем әдебиетінің классиктері Л.Толстой, Ф.М.Достоевский, О.Бальзак тіпті хат жазуға отырғанда да қағаз мен қаламға асқан жауапкершілікпен қарайтынын Т.Жұртбайдың «Бейнет сусынынан» оқып біліп таңырқаған едік. Еліміз тәуелсіздік алып, етек-жеңін жинап, енді ғана еңсе тіктеп жатқанда халықтың көркем жадын қалыптастыруда барқадарынша еңбектеніп жүрген суреткер Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романы шын мәнісінде әдебиет көкжиегінде жұлдызы жоғары шығармалардың қатарынан орын сайлады. Кейінгі, біз құралпас, тәуелсіздіктің төл тумалары «Сексен алтыншы жыл» романын жай оқып қана қоймай, ұрпағымыздан ұрпағымызға зор мақтанышпен: «Кеңестік империяның бұғауын алғаш күтір еткізген мына біздер!» деп айта-айта жүруіміз керек. Өз жанымнан қосқым келетін бір сөз, классик жазушы Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романы – Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы тәу етіп оқитын, қазақ үшін қастерлі де қадірлі кітап.

Жазушының үзегілес тұстасы М.Мағауин: « "Сексен алтыншы жыл" романы жаңа жыл кешінен басталып, желтоқсанның соңғы күндерімен бітеді, бірақ бұл әйгілі – Желтоқсан оқиғалары туралы шығарма емес, сол Желтоқсанға жеткізген, одан бұрын полигонға жем берген, одан да бұрын туған халқын социалистік құрылыс жолына құрбанға шалған, енді әбден күйшейген, әдіс-айлаға жетік, қарақан бастың қамынан басқа ештеңе ойламайтын, бұл жолда ешбір қылмыстан тайынбайтын партиялық қайраткерлер туралы ұлт зиялысы саналатын, гұмьр бойы желдің ыңғайымен күн кешкен, адалдықтан ада, ұлттық мүддеге жат аға буын, өмірге құштар, өнерден мұрат тапқан, танымды кең, санасы зор жаңа толқын, намысы күшті қайраты мол, саны көп, отаншыл жүректі жас ұрпақ – советтік құрылыстың күйреу қарсаңы, отарлық езгінің шарықтау шегі, жаппай бетбұрыстың басы – 1980 жылдың екінші жарымындағы қазақ қоғамы туралы туынды; романды түйіндеген соңғы тараулар – орыс-совет отарлық жүйесі өзінің алдамшы сыртқы қабығын сыпырып тастап, қан шеңгелді жалмауыз кейінде көрінген Желтоқсан оқиғасы – бар сауалдың шешімі болып табылады», - дейді Б.Тілегеновтің шығармашылық портретін жасаған көлемді мақаласында [3,134].

Бекежан Тілегенов 1986 жыл туралы роман жазу бастап жатқанда естіп, қажетіңізге жаратарсыз деп бір бума деректі-құжат

апарып берген, жазушының жанына жақын інісі, « "Жұлдыз"-дың жұлдыздарының» бірі, қарымды қаламгер, алымды алаштанушы Т.Жұртбай «Сексен алтыншы жыл» қақынды былай деп толғанады: « "Сексен алтыншы жыл" романы – қаламгердің көркем шығарма саласындағы ең бір шоқтығы биік туындысы. Ең үлкен және сенімді шындық – көркем шындық. Тарихи оқиғалардың өзі екселене келіп, көркем шындыққа айналады. Бекежан Тілегеновтің осы романын оқи отырып, желтоқсан оқиғасының бұрқ ете қалуына ілік болған психологиялық-әлеуметтік мәселелердің астарын нақты сезінесің. Ұлы державалық өктемдік пен жазалау саясаты, дәреже үшін досын ғана емес, ұлтын сатып, оны арандатуға дейін апарған басшы мен орталықтың аяр әрекеттері, зиялы қауымның екі бетті психологиясы, жалған идеяның жалаңтөс жандайшабы болған аға буын өкілдері, жас толқынның ішкі қуаты мен жан күйзелісі, тәні қорланса да жан тазалығын сақтап қалған адал махаббат иелерінің рухани күресі, әскери жазалаудың алдына ойластырылып қойылғаны туралы деректер сондай бір сенімді мотивировкамен шынайы әрі терең суреттелген. Бұл романды – желтоқсан оқиғасының қарсаңында қалыптасқан қысқа жағдай туралы жазылған психологиялық талдау ретінде қабылдауға әбден болады» [4,380].

Айтса айтқанындай-ақ, адамның сезім күйін, толғанысын, қуаныш-қайғысын барлық қайшылығымен, "жан-дүние диалектикасын" терең ашып бейнелеудің үлгісін Б. Тілегеновтің романдарынан айқын көре алатындығымызға көзіміз жетті. «Сексен алтыншы жыл» романындағы терең психологизм, кейіпкерлердің (Айдын, Нәзік – Ж.Ж.) ішкі сезімінің нәзік иірімдерін, құпия сырларын әсем суреттеу – адам мінезін, дәуір тынысын асқан шыншылдықпен нанымды көрсетуге мүмкіндік береді.

« "Сексен алтыншы жыл" – полифониялық роман» [5,323]. Бұл қазақтың маңдайына біткен марғасқа жазушысы М.Мағауиннің Б.Тілегеновтің романын жіті бақылып оқып түгескеннен кейінгі келген шешімі. XX ғасырдағы аса ірі ғалым, филолог, философ, мәдениеттанушы М.М.Бахтин орыстың ұлы жазарманы Ф.М.Достоевскийдің шығармашылығына терең талдау жасап, оның романының басқалар көре алмаған жаңа қырын бірінші болып анықтап, романына «полифониялық роман» деп анықтама береді. «Полифониялық роман диалогқа құрылады. Зерттеушінің пікірі бойынша, жазушы кейіпкерлерінің әрбір ойы аяқталмаған диалогты білдіреді (A polyphonic novel consists of dialogues. In opinion of scientist, every idea and expressions of heroes disembody in the uncompleted dialogue) [6,384]. Шынында да, диалог кейіпкерді жай бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол сөйлесетін адамдардың қарым-қатынасының

қалай шиеленісіп, қалай өзгеріп, өрістеп отыратынына сәйкес беріледі. Сөйлескен кейіпкерлердің сөздері шығармадағы тартыс-қақтығыстардың шиеленісіп-өрістеуімен тығыз байланысты болып келмесе, онда диалог ширақ, тартымды болмайды. Әсіресе, кейіпкердің қиын, қысылтаң жағдайда қандай әрекет жасайтынын көрсету үшін диалогтың, яғни олардың қайсысын қалай сөйлетудің мәні зор. Бұл жайлы жазушының өзі: «Біз кейде диалогтарға да мән бермейміз. Ал, диалог үлкен жүк көтереді. Дәл айтылған диалог арқылы талай ойды, талай нәрсені айтып үлгересің. Мысалы, махаббат туралы сезімді ұзақ баяндап, мезі қылғаннан көрі қысқа диалог арқылы дәл жеткізіп, шынайы көрсетуге болады. Диалог адамның мінезін де, бейнесін де бере алады. Менің айтып отырғаным орынсыз шешенсіген диалог емес, өмірдің өзіндегідей шынайы, адамдардың өзіндегідей түрлі де тартымды диалогтарды айтамын. Сондықтан «Сексен алтыншы жылда» мен диалогқа көп мән бердім. М.Горький: «Тек ақылды сөздерді ғана айтамын деу – ол да ақымақтық» деген екен. Жай әңгімеде, екі арада өтетін сөзді, қызықты етіп беру де роман желісінің тартымды болуына өз үлесін қоса алады», - деп тұжырады [7,456]. Романның бас кейіпкерінің бірі – кинорежиссер Айдынды шешесі Дариға шақырып алып: « - Балам, осы желіккенің де жетер. Енді семьяңа қайт (Айдын әкешесінің айтуы бойынша академиктің қызы Жібекке үйленген-тін. Ойда-жоқта актриса Нәзікке кезігіп,ғашық болып қалып Жібекпен ажырасқалы жүрген – Ж.Ж.). Нәзікті қой. Оның көрікті, сұлу екені рас. Бірақ, әйелдің көркінен ас ішесің бе? Болашағыңды ойла. Сыртта бөтен әйелмен шатасқан жалғыз сен емес. Адасып үйірін тапқан да жалғыз сен емес. Ендеше есін барда, үйіріңді тап, үйіңе бар, менің болашағың Жібек. Өне-міне деп докторлығын қорғағалы отыр. Әкесі болса, анау, академик. Осының бәрі шектеңе тар кеп түр ма. Селкілдеген желіптек артисткаға үйленіп не абырой табасың».

- Мама,осындай сөзді қой деп едім ғой. Мен енді Жібекке бармаймын. Менің сүйген жарым Нәзік. Менің болашағым да, өмірім де Нәзік, -деді Айдын ашуланып.

- Міне, осылай қашанда ауызға қақпақ болатын әдеттерің, -деді Дариға қабағын шытып. – Тек мені жазғыруды білесің. Мен осы кім үшін шыжылдап, қу жаным қуырдақ боп жүрмін. Сенің болашағыңды енді кім ойлауы керек. Әкең бе? Ол ыңжық, қағаз кеміргеніне мез. Осының бәрі соның арқасында болып жатыр деп ойлайды. Олай емес. Осының бәрі менің тырғандауыммен болып жатқан дүние. Мен болмасам, көрер едім, не болғандарыңды. Мұның бірі де болмас еді. Әкең керемет мықтылығымен членкор болды деп жүр екенсің ғой. Сен де фильм түсіруге өз қолыммен жеттім деп жүрсің бе?

- Енді қалай жетті деп ойлайсың?-деді Айдын ашуланып.

- Таланттың бар, оған дауым жоқ,- деді Дариға. – Бірақ қазір жалғыз талантпен не тындырасың. Бұл күнде бәрі бір-бірімен байланысқан дүние емес пе? Саған да көмекшілер табылды.

- Маған ешкімнің көмегінің керегі жоқ. Талабым, талантым болмаса, мен үшін ешкім маған фильм түсіріп бермейді. Бұл – творчество. Сенің философияң, сенің тамыртаныстығың, блатқа сүйенуің бұл арада жүрмейді, -деді Айдын.

- Творчество дегенді біз де білеміз,шырағым. Ана әкең де творчество қызметкері емес пе.

Ал, ол не бітіріп жүр? Сол творчествоның тазалығына, қасиеттілігіне сеніп жүр ме? Творчество, өнер – саудадан да жаман.саудада тым құрмаса, қолдағы мүлкіңнің сапасына қарайды ғой. Ал, творчество саласында сапаға кім қарап жатыр. Мұнда базардан да жаман. Кімнің тірегі, байланысы, танысы болса, соның дүниесі өтеді. Мың жерден талантты бол, шығармаң керемет болсын, тіпті мейлі сен Әуезов бол, жаңағы саудада құнық болмайды. Әуезовтің, Мұқановтардың заманы өткен. Жылпаңбайлардың заманы туған, қарағым», - дейді [8,139]. Бұл тәуелсіздік алғанға дейінгі қазақтың “оқыған отбасында” болған шешесі мен баласының әңгімесінен үзінді. Осы бір ғана диалогтың өн бойынан ұлттың әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген ойының түбегейлі өзгеріске ұшырап, әрекетінің бәрі бақай есепке құрылуға бет алғанын айқын аңғаруға болады. Жүзден бұрын жүзік көзге түскен заманның сана-саңылауы бітеліп, парасаты – пайдаға, аманаты – айлаға айырбасталып кеткен сүренсіз мезгілдің кескінін көркем әдебиетте диалогтан басқа қандай әдіспен ашуға болады. Әдебиеттің, мәдениеттің, жалпы өнер атаулының негізгі зерттеу объектісі – адам екенін ескерсек, сол адамның өзі өмір сүріп отырған ортасы жайлы ойы олардың екеу ара сөзінен (көркем шығармадағы диалогтан – Ж.Ж.) көрінеді. Әдебиеттанушы Д.Ыскақтың: «Өмірде адам түсіне бермейтін, түсінуі қиын нәрселер көп болады. Оның басты себебі, қоғам құбылыстарын ұғынуға білім-тәжірибенің жете бермеуі екендігі белгілі. Адам өсе келе таным-түісігі де, көңіл көкжиегі де кенейіп, табиғаттың тылсым табиғатын тани түседі. Ал, осындай жағдай рухани өмірде, ғылымда да кездеседі. Бірақ, мұның себебі, табиғаты өзгешелеу. Мұнда белгілі бір шындықтың танылуына таным процесінің заңдылықтары емес, қолдан жасалынған тосқауыл жасайды. Кеңес өкіметі кездерінде қазақ халқының рухани қазанын қайнатқан ақын – жазушылардың барлығы да бір ғана себеппен – ұлт жанашыры болғандықтан да руханияттан күшпен шеттетілді», -дегені дәуір келбетін анықтаған ақ сөз десек артық айтқанмыз болмас [9,320]. Шығыс ойшылы Қоң-зы: «Адамға қатер сырттан төнсе, оның орнын әлдеқалай толтыруға болады. Ал қауіп адамның ішінен шықса, оны Құдай да түзей алмайды» деген. Іштен шыққан қауіптің ең бір асқынған түрі – сананың улануы. Сананы тұрмысқа билету белең алған капиталистік дәуірде адам жұмыртқа пісіріп алу үшін көршісінің үйін өртеуден тайынбады. Міне, бұл рухани азғындық ақыл жетпес құзы еді. Жоғарыдағы Айдын мен кейіпкер-ана Дариғаның әңгімесінен кенестің құрылым шындықтың шырағын өшіріп қойып, ақиқаттың ауылынан айналып өту үшін таланттарғы емес, танысы бар кемталанттарды алға шығарып, мәдениет пен өнерді ақсатып алғанын сөзбен сурет салғандай анықтап береді. Автор дәуір келбетін мұншама дәл, осыншама анық басқалай қалай көрсете алар еді. Бұл суреткер Б.Тілегеновтің жеке құпиясы, талант сыры болса керек.

«Сексен алтыншы жыл» - билік пен саясат туралы роман.

Көлемге тартқанымен Б.Тілегеновтің «Әдебиет – менің Отаным!» атты естеліс-эссесіндегі автордың «Сексен алтыншы жылға» барар жолын көрсетпеуге зерттеуші ретінде құқық қалмады. «...1986 жылдың ақпанында Қазақстан Компартиясының XVI съезі өтті. Бірі жазушымен бірге бұл съезге мен де делегат болдым. Бұл Қазақстан

тарихындағы ең соңғы партиялық съезд болды. Бұл Горбачевтың билікке келген тұсы. Оның алғашқы сәттегі басты жетістігі биліктің жоғарғы қабатында отырғандарды жеріне жеткізіп, асыра мақтауды қойдырған еді. Қонаев төрде әдеттегідей жиналысты өзі басқарып отыр. Көңілі дұрыс сияқты. Маңайындағылармен шүйіркелесіп, әңгімелесіп қояды. Сол баяғы қалпы, байсалды, ат шаптырым, залды анда-санда бір шолып, шығып, республиканың бүкіл бетке ұстар қаймағы, әлді тобының бүгінгі күйін, ниетін білгісі келгендей болады. Әдетте осындай жыйндарда Қонаевтың жеке басына мақтау, лепірме сөздер айтылушы еді, бұл жолы олай болмады. Бұл да біраз жайды аңғартқандай болды» [10].

Б.Тілегенов:«Сексен алтыншы жылғы соңғы съезд бәрімізге де үлкен сын болды. Төрде президиумда билік басында отырғандарға да, залдағы номенклатуралық топқа да, біздер сияқты әдебиет пен өнер адамдарына да өмір сыны еді. Осы сыннан қалай өттік? Өте алдық па? Съезд талай адамның тағдырын шешкелі тұрды. Бірінші басыдан бастап, соңына ергендердің де, басқалардың да болашғы сол күнге тірелді, сол күнгі тосқауылдан қалай өтуіне байланысты болды. Осының бәрі нағыз драма емес пе? Адам жанының, адам характерінің ашылып, шын бейнесі, шын мінезі көрінетін шешуші кезең осы емес пе? Сол болашақ үшін, тағдырдың бұдан былайғы жалғасы үшін күрес басталғалы тұрды. Ол үшін белдесу керек, күреске түсу керек. Оған бәрінің шамасы келер ме екен? Белдесе, қандай тәсілмен күреспек? Осы күреске түскеннің бәрі жеңіп шыға ала ма?

Осының бәрі онай сұрақтар емес. Ең алдымен Бірінші бастықтың бейнесін ашып алу керек. Бұрын қанша сыйлы болып, биікте, билікте жүрсе де, бұл бейне маған трагедия, өмірі драмаға толы, қайшылығы мол тұлға боп көрінді. Бұл адам – ұлы адам еді. Оған ешбір дау жоқ. Оның елге, халыққа жасаған жақсылығы, еңбегі ұшан-теңіз.

Әрине, Біріншіні асыра мақтауға да болады. Бірақ роман біреуді мақтау үшін жазылмайды. Біреуді мақтау үшін жазылған шығарма көркем шығарма болмайды.

Роман сонымен бірге билік туралы, биліктің табиғаты туралы. Билік ауру, дертпен тең. Мен биліктің механизмін көрсеткім келді. Билікке келген адам да, оған жақындаған адам да бұзылады, осы ауруға шалдығады. Билік төңірегіндегі адамдар адамдық қасиетінен айырылады, оның бойында тек жиіркенішті әдеттер мен жаңа үйренген менмендік қылықтар ғана қалады. Талай жылдар бойы осы билік басында жүргендерді сырттай бақылап, байқап түсінгендемі осы еді. Осы бір феноменнің ішкі сырын, табиғатын, механизмін де көрсете кеткім келді», -дейді құнды естелігінде .

Расында да билік – шарап сияқты, бойға сіңген сайын буынды алып, адамның мінез-құлқына әсер етеді. Және адам өмірде көп нәрсеге осы биліктің арқасында қол жеткізетіні тағы бар. Қарабайыр түсінікке салғанда, билік – өмірдің өзі. Өмір қаншалық күрделі, сыры терең болса, биліктің де қайшылықтары жетіп артылады. Шығармада автор билік пен мансаптың трагедиялық тұсына көбірек үңіледі. Бұл бағытта суреткердің іргелі ізденістер жүргізіп, билік пен саясат қақында табаны күректей зерттеу еңбектер ақтарғаны байқалады.

Қазақ әдебиетінің алыптар қатарындағы классик қаламгер Әзілхан Нұршайықов «Сексен алтыншы жыл» романын оқып

шығып, сол туралы жазған пікірінде: «Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып, тартып әкетіп барады. Бас алдыратын емес... бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл да екен. Сонысы сүйсіндіреді... Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шеңбері болып қалыптасқан», - деп шын жақсы шығарманың мойындап, ағалық сүйінішін білдіруі тегін болмаса керекті. Бұл – шығармаға берілген өте жоғары баға. Жазушыға көрсетілген ең үлкен құрмет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орда Г. Сөз құдыреті: Зерттеулер мен

мақалалар. / Г. Орда. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.

2. Тілегенов Б. «Әдебиет – менің Отаным!»: Естелік жазбалар. / Б. Тілегенов // Жұлдыз. – 1998. №7-8. – 66 – 144 б.

3. Мағауин М. «Зұлымдық шежіресі»: Бекежан Тілегенов туралы. / М. Мағауин // Жұлдыз. – 2001. – 107 – 134 б.

4. Жұртбай Т. Бейнет сусыны...: толғау-эссе/Тұрсын Жұртбай. – Алматы, «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 380 б.

5. Тілегенов Б. Сексен алтыншы жыл: Роман: [1986 жылдың декабріндегі жастар көтерілісіне арналған] // Жұлдыз. – 1994. - №7. – 7-74 б; №8. – 86-132 б; №9. – 120-170 б.

6. Орда Г. Сөз құдыреті: Зерттеулер мен мақалалар. / Г. Орда. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.

7. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана: «Фолиант», 2004. – 456 бет.

8. Ж.Т.Абдуллаева. Полифонический роман. Вестник КазНУ. Серия филологическая. №5-6 (139-140). – 2012 г.

9. Ысқақұлы Д. Әдебиет айдынында. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 320 б.

10. Нұршайықов Ә. Б. Тілегенов туралы бірер сөз. «Қазақ әдебиеті» газеті. – 2 қараша, 1994 жыл.

Нұсқабай Ғабит Жартпысбайұлы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Филология институты

Филология факультетінің 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші – PhD, профессор Г.С.Каримова

ЖАЗУШЫ С.АСЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ «ҚОҢЫРТАУДЫҢ БАСЫНДА БІР ТҮП ЖУСАН» ЖӘНЕ «САҒЫНЫШ» ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы-драматург Серік Асылбекұлының шығармашылығы – ұланғайыр, ұлы мұра. Әдебиеттің проза, драма жанрларында қатар қалам тербеген және классикалық шығармалар туындатқан, кемел суреткерлігімен де, кенен ойшылдығымен де, дана көсемдігімен, дара шешендігімен әрдайым әдеби органы тандандырған, тарихтың талмау тұсында уақыт талабымен, жүрек қалауымен әдеби аренаға шығып, әеби мол мұрасымен оқырманың ықыласына, өмірлік тәжірибесі һәм телегей-теңіз білімімен шәкірттердің алғысына келген жазушы, драматург, ұстаз Серік Асылбекұлының шығармашылық әлемі зерттелуі тиіс мол мұра [1, 36 б.].

Серік Асылбекұлы – қазақ деген халықтың рухани әлеуетін әлем алдында шығармалары арқылы ашып көрсете алатын қаламға серт еткен қадау-қадау қаламгерлеріміздің бірі һәм бірегейі. Қарымды қаламгердің шығармашылығы – қазақ руханиятының, жазушы ғұмыр кешкен кезеңнің кеспірсіз кескіні, XX-XXI ғасырдағы адам жанының эволюциясы. Жазушы шығармаларын оқыған оқырман халқымыздың жан дүниесін, ойлау жүйесін, әсемдік әлемін тереңірек тани түседі және шығарма кейіпкерлері арқылы ұлтымыздың ұлылығын ұғынады [2, 4 б.]. Жазушы Серік Асылбекұлының әлемі мұхиттай терең, оның сан-салалы мұрасы аса ауқымды, көп қырлы, мол мұралы.

Қаламгердің әдебиет көкжиегінен алар орнын оның жазушылығымен де, ойшылдығымен де, қайраткерлігімен де, ұстаздық қызметімен де толық жеткізіп

айта алмаймыз. Серік Асылбекұлы туындылары жалпыадамзаттық мәселелерді әлемдік межеде қарастырғандығымен, ой тереңдігінің, көркемдік кестенің, тіл өрнегінің классикалық үлгісін көрсетуімен, қай жанрға салғанда да өрен жүйрік шығатындығымен, әрі аз, әрі саз жазуға болатындығын дәлелдеуімен тәнті етеді. Бір бойында жанкешті жазушының, сөз суреткерінің, ойшылдың, дарынды драматургтің, ұлағатты ұстаздың, әдебиеттанушының, публицистің таланты тамаша тоғысқан Серік Асылбекұлының шығармашылығы оқырманды еріксіз жетелей жөнеледі [3, 11 б.].

Жазушы С. Асылбекұлының прозалық шығармаларының жинағы 2008 жылы екі томдық болып «Фолиант» баспасынан «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрді. Бұл жинаққа суреткердің кеудесін жарып шыққан тырнақалды туындыларынан бастап, тәуелсіздіктің алғашқы ширегіне дейін жазған туындылары енген. Атап айтар болсақ, «Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған С. Асылбекұлының әуелгі, яғни, бірінші томында «Мектеп бітіру кеші», «Мұғалімдер күні», «Ақин», «Әдебиет пәнінің оқытушысы» атты бірқатар әңгімелерімен қатар, «Жезкиік», «Рабиғаның махаббаты» сынды танымал повестері енгізілген [4]. Ал екінші кітапта «Ата жұртта», «Қарашадағы үйлену тойы», «Назқоңыр», «Түнгі қаланың әні», т.б. әңгімелері және «Желтоқсан түні», «Күзгі романс» пьесалары енген [5]. Яғни, аталмыш екі томдыққа жазушы Серік Асылбекұлының әдебиет әлеміндегі тұтас

шығармашылығы енген. С. Асылбекұлы қоғамдық танымдық мақалалары тұрыпты, әдеби зерттеу еңбегін айтпағанның өзінде, жазушы ретінде әңгіме, повесть, пьеса, киносценарий жанрларында қалам тербеген қажырлы, қайраткер қаламгер. Біз автор С. Асылбекұлының екі томдық шығармаларын басшылыққа ала отырып жазушы С. Асылбекұлының шығармашылық әлеміне саяхат жасағалы отырмыз.

«Сұлулық сыртқы ажарымен көз тартса, ішкі асылымен жан семіртеді». Әдеби шығарманың негізгі қызметі адам жанын ізгілендіру. Дүниенің тетігі – адам болғандықтан, адам – ақыл-ойдың иесі себепті, жауапкершілік те адамның мойнында. Адам бойындағы жақсы-жаман, болымды-болымсыз, татымды-татымсыз қасиеттерді әдебиет жағымды-жағымсыз кейіпкерлер арқылы әшкере етіп адамның алдына әдебиет әдеби шығармалар арқылы адамгершілік картасын жайып салады. Осы себепті, бүкіл әлемді хаостан сақтап тұрған әдебиет деп толық сеніммен айта аламыз. Олай болғанда, әдеби шығармаларды туындататын суреткер, қаламгер, жазушыларымыз – «адам жанының инженерлері» екендігіне сенбесімізге әлдіміз де қалмайды.

Әңгімеміздің әлқиссасын жазушының алғашқы әңгімелерінің бірі 1978 жылы жазылған «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» -нан бастағанды жөн көріп отырмыз. Шығарма оқиғасы шағын теміржол стансасында басталады. Құлағынан күн көрінген, жұқалтаң, шикі сары ойын баласы Елтай қақаған аязда вокзалдан әпкесін күтеді. Бала әпкесін неге күтеді? Әңгімені бастаған оқырман осы сұрақтың жауа-

бын іздеймін деп құныға оқи жөнеледі. Автордың әңгіме жазудағы шеберлігі де сонда – оқырманын қызықтыра жетелей жөнеледі. Елтайдың үйінде өлімші халде жатқан атасы бар, кәрі әжесі бар. Бірі-біріне сүйеу болып, «шықпа, жаным, шықпалап» отырған қос картқа Елтай – көмекші, сүйеу, ермек, үміт. Атасының беті әрі қараған соң, пошта арқылы қалаға, әпкесіне телеграм жолдаған. Бала бірнеше күн бойы осы әпкесінің келуін күтеді. Бірақ, күн-райының кенеттен бұзылуына байланысты әншейін де зулап-зуылдап жататын отарбалау кешігетін болыпты. Хош, шығармадағы оқиғаның дамуы осылай күйбең тіршілік кешкен жандардың тірліктегі қайғы-қуаныштары баяндалып жатады. Шығарманың шарықтау шегінде кейіпкер Елтайдың атасы әл-дәрмені таусылып, Аллаға жалбарынған тұстары өмірдің дәл өзіндей шынайы суреттеледі. Осындайда атасы Елтайға сырнайын ұстатып «Қоңыртаудың басында бір түп жусанды» айтызады. Көп ұзамай атасы қаладағы баласын бір сағынып, алыстағы «шаруадан қолы тимейтін» ағайынға бір қарайлап өмірден өтіп кете барады. Бір оқығанда, шығарма күрделі сюжетке құралмаған. Шығарманың шынайылығы сонда, оқырманды оқиға сендіреді. Автор өмірдің заңдылығы, қайшылығы жайлы әңгіменің ешбір тұсында философиялық ойды ашықтан-ашық ділмарсып, көсемсіп «айқайлап айтпайды», тек жазушы ретінде өмір шындығын баяндайды. Кейіпкерге, образға жан бітіреді, өмір береді. Бұл да жазушы С. Асылбекұлының әңгіме жазудағы оқырман алдындағы шынайылығы болса керек. Бұл шығарма арқылы қаламгердің айтпақ ойы, автор идеясы неде? Енді осыған тоқталайық. «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесінің тақырыбының өзінде символикалық мән жатыр. Неге бір түп? Неге қаулап-қаумалап өсіп жатқан жок? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін ең әуелі әңгіменің жазылған уақытына назар аударайықшы. Шығарма 1978 жылы жазылған. Бәрімізге белгілі, 1970-1980 жылдары бүкіл қазақ даласының ауылдары қаңырап бос қалып, бәрі де жапа-тармағай «Қоңыртауларын» тастап, қалаға көшті. Ауылда кәрі-құртан, бірді-екілі қойшы және балалар ғана қалды. Қалған саптағы адамдар тегіс қалаға қоныс аударды. Бұл замана тудырған табиғи процесс болатын. Себебі, ауылда қой бағудан басқа «қызық кәсіп» қалған жоқ. Жұрттан қалмай қалаға бас сұққан ауыл қазақтарының жалпы өлшеммен алғанда ұлтқа тигізген пайдасы да, зияны да болған. Пайдасы сол – ауылдан ағылған жұмыс күші қараға шоғырлану арқылы елдің экономикалық, саяси ахуалға ықпалды орта қалыптастырды. Ал урбандалу процесінің көлеңкелі жағы шаш-етектен. Оның бір қырын жазушы С.Асылбекұлы «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» атты әңгімесінде ауылдардың көрінісін, заманында араның ұясындай қыж-гүж қайнап жататын теміржол стансалары арқылы ойды жасырып береді. Яғни, теміржол стансалары – символ. Бос, қаңырап қалған ауылдардың символы. Осы урбандалу кезеңінде ұлтымыз неден айырылғанын автор жазушы А. Кемелбаеваға берген

сұхбатында былай дейді. «Сонымен бірге жаппай урбандалу процесі кезінде біздің ұлтымыз біраз асылдарынан да айырылды. Олар – көршінің көршіге, ағайынның ағайынға деген мейірімділігі, бауырмалдығы, кішінің үлкенге деген ізеті, халқымыздың қонақжайлылығы. Осы қасиеттерден қазіргі қалалық қазақтар мүлде мақрұм деуден аулақпын, алайда қала бәрібір адам жанын қатайтпай қоймайды», - дейді шығар авторы С.Асылбекұлы [7, 213 б.].

С. Асылбекұлының жаппай урбандалу тақырыбына арналған тағы бір сыршыл әңгімесінің тақырыбы – «Сағыныш». Мұнда да бала кейіпкер Жасұланның әжесі өмірден озған соң, атасы екеуі қаладағы ұлының қолына көшуі әңгімеде шебер суреттелген. Ауылдан қалаға бір мезетте көш аударған ауыл баласы қаланың өмір салтын мүлде жатсынады. Әжесі науқастанып дүниеден өткеннен кейін жалғыздық қария ауылдағы қарашаңырақта қашанғы отыра берсін, көп ұзамай немересін алып баласының қаладағы үйіне барады. Кішкентай ойын баласы Жасұлан әжесінің ажалы келіп өмірден өткенін мәселенің байыбына барып түсіне қоймайды. Бірақ, әжесі дәл қазір жанында емес екенін түсінеді. Осында автор оқиға жетегіне еріп, кейіпкерді асыра сілтеп сипаттамай, әңгіменің аяқ алысымен оқырманға оқиғаны өмірдің дәл өзіндей шынайы, сенімді баяндайды. Бұл да шығарма авторының шебер суреткер екенінен хабар береді. Жасұлан ата-әжесінің қолында өскен бала. Өзінің әке-шешесі тіршілік, тірлік қамы деп артынып-тартынып қала орталығына көшіп, жұмыс істеуге беттеген ғой заманында. Ара-тұра келіп тұрғаны болмаса, Жасұланның «көзін ашып көргені, аузын ашып сүйгені» - ата-әжесі-тін. Сондықтан да ол әжесі қайтқан соң ата-сымен өзінің туған әке-шешесінің үйіне барса да жылулық, мейірімділік сезіне алмайды. Бұл табиғи процесс. Көзден кеткен – көңілден кетеді. «Бала – тапқандікі емес, баққандікі» деп бабалардан қалған есті тәмсіл осыған меңзесе керек.. Бала жаны сезімтал, аңғарғыш. Өз әке-шешесіне бала махаббаты өгей шешенікіндей ғана. Түс көрсе әже деп оянады, күндізгі шешесінің әрекетінің бәрін «әжем болса бүйтер еді» деп бағалайды. Ауырса атасына «Ата, ауылдағы үйімізге қашан қайтамыз?» дейді. С. Асылбекұлының «Сағыныш» әңгімесінен байқағанымыз автор өзінің өмір жолын, қызметтік кезеңін ең алғаш ұстаздықтан бастағандықтан болар, бала психологиясының иірімдерін толық меңгерген дей аламыз. Себебі, кейіпкер-характер образдары соншалық шынайы сомдалған. Бұл қос шығарманы – «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» немесе «Сағыныш» атты әңгімелерді балалар әдебиетіне қосып, мектеп балаларына оқулыққа кіргізіп оқытса да өскелең жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ар, ұят сынды ассаси сезімдер бала бойында ерте бастан балалай бере ме деген ойдың ұшығы да жоқ емес.

Саналы ғұмырын ұлтының игі мұратына бағыштаған жазушының есімі, шыын мәнісінде, қандай құрметке де лайықты.

Оның қаламгерлігі де, қайраткерлігі де, ұстаздық ұлағатты ісі де жан-жақты зерттелуге, сарапталуға, насихатталуға тиіс. Бұл бағытта жасалған жұмыстар да бірқанша. Серік Асылбекұлы шығармашылығы бойынша дипломдық жұмыс тұрыпты, жеке келеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды, ол жөнінде көптеген мақалалар жарық көрді. Өз кезегінде, бұл жарияланымдардың әрқайсысы өзіндік міндет атқарады. Олардың көбіне С.Асылбекұлының шығармашылық әлемі арқау болды. Зерттеушілер қаламгерді негізінен жазушы, суреткер, драматург ретінде танытты.

Біздің міндетіміз С.Асылбекұлының шығармашылық әлемі арқылы оның қаламының қуаты, терең танымы, энциклопедиялық білімі, өнегелі өмірі, универсализмін жан-жақты ашу. Яғни серіктанудың ауанын біршама кеңейту. Демек, Серік Асылбекұлының әсемдік әлемін ашу, философиялық тереңдігін таныту жөнінде ұлттық көркем ойымыздың алдында алабөтен айбынды міндет тұр.

Біз асылдарымызды ардақтау арқылы ғана елдігімізді, егемендігімізді еңселендіре түсетінімізді ұмытпауымыз қажет. Ал асыл деп отырғанымыздың бел ортасында Асылбектің Серігі бар екенін шығармаларын оқыған саналы оқырман біздің бұл пікірімізге өз жанынан сөз қоспаса да, сөзсіз келіседі деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004. – 392б.
2. Асылбекұлы Серік // Қазақстан жазушылары // Құрастырғандар: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 36-37 б.
3. Асылбекұлы Серік // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық / Құраст. Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен, Қ. Омарұлы ж. б. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 32б.
4. Асылбекұлы Серік. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2008. Т.1. – 400 бет.
5. Асылбекұлы Серік. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2008. Т.2. – 416 бет.
6. Кемелбаева А. Сөз хикмет: Эсселер, мақалар, сұхбаттар. / Айгүл Кемелбаева. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. 384 б.

Абдуалиева Жазира Бегәділқызы

М.Х.Дулати атындағы

Тараз өңірлік университетінің доценті,

филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Қай заманда болмасын халықтың тілімен, салт-дәстүрімен терең тамырласып жатқан әдебиеттің алар орны ерекше. Себебі, әдебиет – халықпен бірге өмір сүреді, әдебиет арқылы халықтың бет-бейнесін, таным-түсінігін аңғара аламыз. Әдебиет – қоғамға кесепаттарды алдын-ала ескертеді. Сол арқылы бүтін бір халықты тәрбиелеу мүмкіндігіне ие.

Арнасы кең, мәуелі қазақ әдебиеті – ұлттық болмысты боямасыз суреттеуден танған емес. Әсіресе, кеңестік жүйенің қатаң қыспағында болса да қазақ әдебиетінің дарабоздары дара шеберліктерін дәлелдеп, «ұлттық код» арқылы өз ойларын кейінгі ұрпаққа жеткізуге тырысты. Нақтырақ айтқанда, біз алдыға тартқалы отырған тақырыппен белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының мына пікірінде сабақтастық жатыр. «Саяси қысымы күшті елде символикалық тәсілдер мейлінше дамиды. Әдебиеттегі астарлап айту, ишарамен жеткізу дегендердің бәрі де автордың еркінен тыс әлеуметтік саяси себептерге тәуелді. Ондай тәсілдер ақынның не жазушының шеберлігіне байланысты көркемдік бағыт деңгейіне дейін көтеріледі. Бұған келісетін болсақ, бір дәуірдің әдебиеті болсын, жеке автордың шығармасы болсын ондағы көркемдік шешімнің бәрі де нақты саяси әлеуметтік тарихи себептерге байланысты болады. Мысалы, Оралхан Бөкеевтің шығармалары түгелдей торығумен, адасумен, трагедиямен аяқталады. Себебі, кеңестер одағы тұсында торықпаған, адаспаған, тірлігі трагедиямен аяқталмаған қазақ болмаған. Болғандарының өзі сол тығырыққа сөзсіз тірелетін жолда еді. Жазушы осыны өз шығармаларымен көркемдік шешімдеріне негіз етіп алады» [1.499]. Шындығында, кеңестік дәуірде әдебиетке қатаң қарады. Нәтижесінде қазақ халқының ұлттық артықшылығын шынайы әрі ашық жазу мүмкін болмағандықтан Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев т.с.с халық жанашырлары өздерінің қаламынан тамған әр ойдың астарына қазаққа тән болмыс пен бет-бейнені

жасырып кетті. Оны теңіз түбіндегі маржандай тереңінен қазып, зерттеу әрі ұғыну – біздің міндет! Сөзіміздің дәлелі ретінде кеңестік жүйенің талаптарына қарамастан, ұлттық бейнемізді өз шығармаларының арқауына айналдырған бірнеше шығармалардан нақтылы айғақтарды алдыға тарта аламыз. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында Мұқаштың «Желден жаралған желге мінеді, адамға желік бітеді екен: жылқы бақтым – күлкі бақтым. Алыс-жақын, қатер – ойыншық болды. Жылқы бақтым – кісі болдым», - деген сөздерінің өзінде біраз астарлы ой жатыр [2.83]. Нақтырақ айтқанда, қазақ халқы – сәйгүлікті баптаған, қиындықтан қашпаған батыр халық. Жылқыны төрт түліктің ең асылы деп қарап, жылқыға тән қайсар әрі асау мінезді табиғи болмысына үйлестіре білген дана халық. Сондай-ақ, еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды [3]. Бұл туралы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында да айтылған. Халқымыздың рухани құндылықтарының құнтты қадірін еселей түсетін атқа міну мәдениеті әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпағандығын айқындайды. Жазушы өз шығармасында дәл осы ұлтымызға тән қасиетті жоғалтып алмау қажеттігімізді кодтау арқылы қалың оқырманға өз ойынан хабар берген. Сонымен қатар, жазушы бір ғана астарлы оймен шектеліп қалмаған. Мысалы, «Ақбілек» романындағы мына үзіндіге көз жүгіртіп көрелікші: «... Торғай қалың шөпке түсті де, қалбалаңдап, далбалаңдап, шөпке таман айналаңдап, шыр – шыр етіп безек қағып, олай-бұлай шоршиды. Бұл байғұсқа не болды деп жетіп келсе қасына қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған,

бейне ажал, алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң жалаң еткізіп, ысқырғанда, өңменіңнен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен...» [1.83]. Жүсіпбек Аймауытов дәл осы оқиға арқылы халықтың жай күйінен хабар береді деген ойдамыз. Яғни, үрей қамалына тұтқын болған, шырылдаған торғайдың бейнесі арқылы қазақ халқының қорқыныштың ауылынан алыстай алмағандығын айтқысы келсе, торғайды сұр жыланнан арашалап қалатын Ақбілектің сол кездегі іс-әрекеті арқылы халқымыздың еркіндікке ұмтылған қайсарлығын боямасыз суреттей білген. Шығарманы жан-дүниесімен тұшынып оқыған оқырманның дәл осы іспеттес астарлы ой мен ұлттық кодты аңғармауы мүмкін емес. Бұл да бір жазушының шеберлігі әрі ерлігі деуге болады. Себебі, жүрегінде ерлігі жоқ адамның махаббаты тұрақсыз да баянсыз. Онсыз дүние бос. Ал кеңес дәуіріндегі әр жазушының ұлтына деген махаббаты олардың жүректеріне ерлік сезімін ұялата білді. Олардың ерлігі қаламдарынан аққан сиядан қылаң беріп отырды.

«Қоғам дамуындағы алдыңғы қатарлы ой сана әдеби шығармашылық еңбектерде көрініс табады десек, қазақ зиялыларының көпшілігі өздерінің шұрайлы ойларына қаламгерлікті серік етті... Олар замана рухына сай дүниелері арқылы өз ұлтына бағыт бағдар сілтеді, дамудың даңғыл жолын көрсетуге тырысты» [4.8]. Түпкі мақсаты ұлт мүддесін көздегендіктен кеңес дәуіріндегі әдебиет өкілдері Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды кесек тұлға, кенен дарындардың шығармалары әлі күнге дейін өміршең. Жоғарыда мысалға алған «Ақбілек» романын, «Күнікейдің жазығы» атты повесті, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты шығармаларының барлығы бір қарағанда сол замандағы қазақ әйелінің жай күйінен хабар беретін секілді көрінуі мүмкін. Дейтұрғанмен, біздің сұңғыла

жазушыларымыз әйел арқылы бүтін бір ұлттың мүддесін қозғағаны күмәнсіз.

Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Шолпанның күнәсін» жазу арқылы батыстық сананы көрсеткісі келген деп айтуға толық негіз бар. Өйткені шығарма мазмұнына сәйкес Шолпанның әу баста бала берме деп тілеуі біздің ұлтымыздың таным түйсігіне жат нәрсе. «Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен әлдеқайда өзінің сүйгеніне тиген Шолпан шынында бастапқы жылы бала керек қылмады. Ақ отаудың ішінде оңаша жатса да, яки күйеуін құшақтап жатса да, ол ылғи ішінен: «Жасаған-ау, бала бере көрме?!» - деп тілейтін еді»[5]. Бәрімізге мәлім қазақ халқы ықылым замандардан бері «Бала бауыр етің», «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген аталы сөздерімен ақ баланың отбасындағы рөлін ерекше айқындай білген. Бодандықтың бұғауындағы халқына өз шығармалары арқылы ұлттық таным-түйсікті насихаттаудан әсте шаршамаған жазушы қайраткерлеріміздің бірі Мағжан Жұмабаев та өзінің шығармаларында ұлттық кодтың осылайша көрініс табуына шын білек сыбана кіріскенін байқауға болады. Аталмыш шығармасының шешімі бола білетін төмендегі үзінді сол қазақы қалыпты сипаттауға негізделген түпкі ойдың негізі іспеттес. «Тістенген қатын күбірлей-күбірлей екінші шелек суды құйып жіберді. Шолпан болар-болмас: «Алла...» деді...» »[5.1]. Тәубесіне келген кейіпкер арқылы жазушы халықты жат санадан сақтануға шақырғандай. Оған дәлел Мағжанның бір ғана шығармасы емес, оны ақынның «Пайғамбар» атты өлеңінен де байқай аламыз:

«Күнбатыста қараңғылық қаптаған,
 Күні батып, жаңа таңы атпаған.
 Түнеріп жүр түннен туған перілер,
 Тәңірісін табанына таптаған.
 Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
 Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған
 Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
 Табынатын басқа тәңірі таппаған»[6].

Мағжанның отты жырлары болсын, мән-маңызға ие шығармасы болсын

осылайша ұлттық болмыстың қазақы қаймағын бұзбауды өсиет етеді. «Күнбатыс» деген сөзді Еуропаға балама түрде алу арқылы да ұлттық кодтың иісін аңқытады.

Мағжаннан кейін сөзіміздің басын Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» атты көлемді шығармасына бұрсақ та, ұлттық кодқа негізделген үлкен ой толғанысына тап боламыз. Мәселен, шығармадағы мына үзінді кеңестік жүйенің құрсауына енген халқымыздың хандық жүйесі әлсірегендігін, әу баста ұлт болып іргетасымыздың қалануына негізделген жүйеміздің жұтылғандығының себебінен болған нәтижені меңзейді: «Игілік «төре тұқымы емеспіз» дегенде, жіңішке ұзын саусақтарын сәнмен сыртылдатып отырған Жұмабек төре бір қозғалып қойып еді. Мұнысы осында отырған төре тұқымы өзі ғана екенін сезіне қалғандығы ма, әлде төре тұқымының пандығын әлдеқашан астына басып алып, Жұмабектің өзін атқосшы қылып алған қалталы байдың сөзі шаншудай тиді ме, әйтеуір салалы саусақтар сылаумен өскен қара мұртына қарай барды да, сипай алмай, кейін қайтты. Жауап бар да, айтуға аузы барар емес» »[7.1]. Дәл осы шығармасы арқылы аналар тақырыбында қалам тартқан Ғабит Мүсірепов ұлттық бітіміміздің майысып, бодандық салдарынан басқа арнаға ауысып бара жатқандығын алдыға тартады.

«Тарлан көктің жүрісі қатаңдығын айтқаны – ақынға жорға мінгіз дегені ғой деп, Игіліктің үлкен баласы Ордабай да ішіне түйіп қойды. Кәрі ақын да осыны дәмеленіп қалды» »[7.2]. Сондай-ақ, дәл осы үзінді арқылы сол дәуірдегі кейбір ақындардың болмысын суреттеуге тырысқан. Дәл осы деталь хакім Абайдың:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
 Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап, - деген сынына тұспа-тұс келеді.

Ұлттық код арқылы өзінің астарлы ойы арқылы жеткізуге күш салған жазушылардың бірі - Әбдіжамал Нұрпейісов. Оның «Қан мен тер» атты трилогиясындағы бір ғана үзіндісін мысалға келтірсек: «Аяғындағы ауыр кісен шылдырлап, тұсаулы аттай , кібірткітеп қозғалып келе жатыр еді, дәл есіктен шығар

жерде, түндегі жас қыз жүгіріп кеп, толы жұрттың көзінше қолаптадан алған ыстық күлшені Еламанның қойнына тықты...

Шамалыдан кейін Еламан жаурады. Шетсіз-шексіз далада, сарылған ұзақ жол үстінде дір-дір етіп келе жатса да, бағана аттанар алдында жас қыз қойнына тыққан ыстық күлше суымай, жүрегін шоктай қарып тұрғандай сезеді»[8]. Шығарманың басты кейіпкері - Еламанға Айғаншаның берген күлше наны тек бір ғана қыздың мейірімін емес, бүкіл қазақ халқының мейірімін суреттеп тұр. Аумалы-төкпелі заманда да халқымыздың мейірімнен алшақта болмайтындығы Алатаудай шығарманың алақандай бөлігіне сыйып кеткен.

Халқымыздың рухани биіктігінің айнасы – әдебиет. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «...дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын әдебиет керек». Сол әдебиеттің позициясын тойтарысты кезеңде де тәуелсіз оймен қарап құлатпаған кеңес кезеңіндегі қазақ әдебиетінің өкілдері бізге өздерінің ішкі ойы және заманның бедеріндегі ұлттық құндылықтарымызды ұлттық код негізінде аманаттады. Оны тереңіне бойлай түсініп, жадымызда сақтау біздің тікелей міндетіміз болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. И. Нұрахметұлы «М. Мырзахметұлы және қазақ әдебиеті тарихын тану проблемасы» Астана: Деловой Мир, 2010. - 499б.
2. Аймауытов Ж. Ақбілек: – Алматы: Атамұра, 2003. - 280б.
3. akorda.kz сайты
4. «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» 2-кітап: Оқу құралы / Жалпы редакцияны басқарған Т. Кәкішұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 455б.
5. adebietportaly сайты
6. baribar.kz сайты
7. Ғ. Мүсірепов «Оянған өлке» «Жазушы» баспасы 1974 жыл
8. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1991. – 624 бет.

Абдықадырова Тұрсынай Рыстайқызы

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы*

**ӘДЕБИЕТ ПӘНІНДЕРІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ**

Бүгінгі таңда білім беру үрсініде барынша белсенді түрде кеңінен қолданылып, өз тиімділігін көрсетіп келе жатқан білім беру технологиясының бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы болып табылады. Сондықтан қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері қазіргі оқу үрдісінде кеңінен таралған бұл технологияны өз іс-тәжірибесінде пайдалана білуі керек. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы оқушылардың өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу және диалог құру қабілетін дамытамыз, сонымен қатар белсенді, білімді, саналы және цифрлық қабілеттерін дамытамыз. Оқушылардың басқалардың пікіріне күмәнмен қарау, өз пікірін білдіру қабілеттері қалыптасады.

Бүгінгі таңда ұстаздардың алдындағы үлкен міндеттің бірі – оқушыларды заманауи, білімді, мәдениетті, сыни тұрғыдан ойлай алатын етіп тәрбиелеу болып отырғандығын баршамыз көріп, білім жүрміз. Ол – өз-өзіне сұрақ қойып, оған үнемі жауап іздеу, шешімін күткен мәселені анықтау, әрбір мәселе бойынша өз пікірін білдіру, оны дәлелдеу, сонымен қатар басқалардың пікірімен санасу және олардың логикасын зерделеумен тікелей байланысты. Нағыз сабақ – қашанда диалог арқылы жасалатын еңбек пен тиімді тәжірибенің бірлігі, еңбек пен тәжірибенің бірлігі, оны ізденіс, дайындау, зерделеу, оқушылардың болашағына ой салу [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – адамның өз бетінше және жеке ойлау қабілеті. Сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне құрылса, әр оқушы өз ойын, пікірін, бағасын басқаларға тәуелсіз тұжырымдайды. Өзідігінен ойлап, мәселелерді шешуге еркіндік алады. Оның үстіне ойлаудың өзіндік табиғаты болғанда ғана ойлау сыни болып табылады.

